«Эстетикалық бағыттағы гимназиясы» ШЖҚ МКК

Қамқоршылық кеңес отырысының

хаттамасы №1

Өткізу күні: 2026 жылғы 28 тамыз
Уақыты: 15:00
Өткізу орны: Эстетикалық бағыттағы гимназия, кітапхана

Қатысқандар: мектеп директоры, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог, қамқоршылық кеңес мүшелері
Қатысушылар саны: 13 адам

Күн тәртібі:

1. Қамқоршылық кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекіту.

2. Мектепке жол акциясы

3. Ыстық тамақпен қамту.

4. Жалпы ата-аналар жиналысының ережесін таныстыру. Тәрбие жұмысына ата-аналарды тарту жобасы.

5. 2026–2027 оқу жылындағы сабақ кестесі, оқу ауысымы, ішкі тәртіп ережелері және қоңырау кестесімен танысу.

1-мәселе бойынша

Тыңдалды: Алпамысова Э.А. -мектеп директоры

Қамқоршылық кеңестің білім беру ұйымы мен ата-аналар қауымдастығы, қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайтудағы маңызына тоқталып, оның мақсаты мен негізгі міндеттері туралы ақпарат берді. Кеңестің мектеп қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, білім беру және тәрбие сапасын арттыруға қолдау көрсетуге, оқушылардың қауіпсіздігі мен әлеуметтік қорғалуына ықпал ететін қоғамдық қолдау тетігі екені атап өтілді.

Қамқоршылық кеңестің әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек ұйымдастыру, мектеп пен ата-аналар арасындағы серіктестікті дамыту, қайырымдылық және әлеуметтік жобаларға қатысу, мектептің даму бағыттарына қоғамдық қолдау көрсету міндеттерін атап өтті. Кеңес қызметінің еріктілік, ашықтық және өзара ынтымақтастық қағидаттарына негізделетіні түсіндірілді.

Қамқоршылық кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жаңа жылдық жұмыс жоспарын бекіту мәселелері қаралды. Жоспарда мектеп пен ата-аналар арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, оқушылардың әлеуметтік қорғалуына және қауіпсіздігіне қолдау көрсету, тәрбиелік іс-шараларға қатысу және

мектептің даму жұмыстарына қоғамдық қолдау көрсету бағыттары қамтылғаны айтылды.

1-мәселе бойынша қаулы етілді:

1. Қамқоршылық кеңестің 2026–2027 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.

2. Қамқоршылық кеңестің қызметінде мектеп пен ата-аналар қауымдастығы арасындағы ынтымақтастықты нығайту, білім алушылардың әлеуметтік қорғалуына және қауіпсіздігіне қолдау көрсету, тәрбиелік іс-шараларға қатысу, қайырымдылық және әлеуметтік жобаларды қолдау бағыттары басшылыққа алынсын.

2-мәселе бойынша

Тыңдалды: Негметова Данагүл Манарбековна -әлеуметтік педагог

Мектепке жол акциясы

2026 жылғы 1–31 тамыз аралығында еліміз бойынша ұйымдастырылған республикалық акция аясында Орал қаласындағы Эстетикалық бағыттағы гимназияда жоспарға сәйкес бірқатар қайырымдылық шаралары жүзеге асырылды. Акция барысында демеушілерге арнайы хаттар жолданып, ата-аналар мен мектеп қауымдастығына үндеу жасалды; сынып жетекшілері мен оқушылар акцияға белсенді атсалысты.

Акция қорытындысы бойынша мектепте «Ашық есік – қайырымдылық жәрмеңкесі» ұйымдастырылып, 100 оқушыға кеңсе тауарларынан құралған жинақтар дайындалды.

2026 жылғы 1 қыркүйек күні «Бірінші сыныпқа – алғашқы қадам» атты қайырымдылық іс-шарасы өткізіліп, бірінші сынып оқушыларына қажетті оқу құралдары табысталды.

Әлеуметтік қолдауды қажет ететін 9 отбасыға мектеп формасы мен кеңсе тауарлары, сондай-ақ үйден оқитын 1 оқушыға қажетті кеңсе тауарлары берілді.

Жүргізілген жұмыстар әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға көмек көрсетуге және олардың жаңа оқу жылына толық дайын болуын қамтамасыз етуге бағытталды.

2-мәселе бойынша қаулы етілді:

1. 2026 жылғы 1–31 тамыз аралығында өткізілген республикалық «Мектепке жол» акциясы аясында атқарылған жұмыстардың қорытындысы назарға алынсын.

2. Акция барысында әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларға көмек көрсету мақсатында ұйымдастырылған қайырымдылық шараларының нәтижелері қанағаттанарлық деп танылсын.

3. Алдағы уақытта әлеуметтік қолдауды қажет ететін білім алушыларды анықтау және оларға қажетті әлеуметтік көмекті ұйымдастыру жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылсын.

3-мәселе бойынша

Тыңдалды: Негметова Данагүл Манарбековна -әлеуметтік педагог

Ыстық тамақпен қамту.

2026–2027 оқу жылындағы мектептегі ыстық тамақты ұйымдастыру туралы

2026–2027 оқу жылында мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылуда.

1–4 сыныптарда 693 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен тегін қамтылған. Оқушылардың тамақтану сапасы мен санитариялық талаптардың сақталуын бақылау мақсатында мектеп жанынан бракераждық комиссия құрылған. Комиссия тамақтану сапасына ай сайын бақылау жүргізеді. Сонымен қатар, әлеуметтік педагог күнделікті берілетін ас мәзірі мен ыстық тамақ туралы ақпаратты мектептің ресми сайтына орналастырып отырады.

5–11 сынып оқушылары үшін ақылы ыстық тамақ ұйымдастырылған. Оқу жылының басында ата-аналардың ұсыныстарын ескере отырып, тағам түрлерін көбейту мақсатында 2 апталық ас мәзірі енгізілді. Оқушылардың тамақтану барысын бақылау нәтижесінде балалар арасында сұранысы жоғары тағам түрлері анықталып, сол тағамдар негізінде 1 апталық жаңартылған ас мәзірі қалыптастырылды.

Ас мәзірін оңтайландыру барысында ыстық тамақтың құны өзгеріссіз сақталды. Негізгі мақсат – оқушыларды сапалы, құнарлы және балалардың сұранысына сай ыстық тамақпен қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, мектепте оқушылардың қосымша тағамдар мен сусындарға қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында буфет жұмыс істейді.

Тамақтануды ұйымдастыру барысы мектеп әкімшілігі, бракераждық комиссия және жауапты мамандар тарапынан тұрақты бақылауда.

3-мәселе бойынша қаулы етілді:

1. 2026–2027 оқу жылында 1–4 сыныптардағы 693 оқушыны тегін ыстық тамақпен, 5–11 сынып оқушыларын ақылы ыстық тамақпен қамту жұмыстары жалғастырылсын.
2. Білім алушылардың тамақтану сапасы мен санитариялық талаптардың сақталуын бақылау бракераждық комиссияға жүктелсін, ас мәзірі мен тамақтану сапасына тұрақты бақылау жүргізілсін.

3. Оқушылардың сұранысын ескере отырып жаңартылған ас мәзірін қолдану және мектеп буфетінің жұмысын белгіленген талаптарға сәйкес ұйымдастыру қамтамасыз етілсін.
4. Ақылы ыстық тамақтың ас мәзірі мен 1күндік құны 1200теңге болып келісілсін

4-мәселе бойынша

Тыңдалды: Хайрушева Динара Манарбековна -директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Жалпы ата-аналар жиналысының ережесін таныстыру. Тәрбие жұмысына ата-аналарды тарту жобасы.

Жиналыста мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту, білім беру процесінің ашықтығын қамтамасыз ету және оқушының қауіпсіздігі мен тәрбиесіне ата-аналардың жауапкершілігін арттыру мақсатында әзірленген «Ата-аналар жиналысы туралы ереже» таныстырылды.

Ережеге сәйкес:

сыныптық ата-аналар жиналысы әр тоқсанда кемінде бір рет өткізіледі;

ата-аналардың жиналысқа қатысуы міндетті, қатыса алмаған жағдайда сынып жетекшісіне алдын ала хабарлап, қабылданған шешімдермен танысуы қажет;

жиналыстар белгіленген тәртіппен хабарланып, хаттамамен рәсімделеді;

оқу жылының басында 3–5 адамнан тұратын сыныптық ата-аналар комитеті сайланады;

ата-аналарға мектептің ресми ақпараттары ғана жеткізілуі тиіс;

тексерілмеген ақпаратты, қауесет пен бұрмаланған мәліметтерді мектептің ресми шешімі ретінде таратуға жол берілмейді;

түсініксіз мәселелер бойынша ақпаратты сынып жетекшісі немесе мектеп әкімшілігінен нақтылау қажет.

Тәрбие жұмысына ата-аналарды тарту» жобасын іске асыру туралы

Жиналыста мектептегі тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру, отбасы мен мектеп арасындағы өзара байланысты нығайту және ата-аналардың баланың тәрбиесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ету мақсатында «Тәрбие жұмысына ата-аналарды тарту» жобасын жүзеге асыру мәселесі қаралды.

Жоба аясында сынып жетекшілерінің жылдық тәрбие жоспарына енгізілген 34 сағат тәрбие жұмысының әрбір сыныптық іс-шарасын ата-аналардың белсенді қатысуымен өткізу ұсынылды. Ата-аналар сынып жетекшісімен бірлесіп тәрбие сағаттарын, кездесулерді, шеберлік сабақтарын,

пікірталастарды, танымдық және шығармашылық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысады.

Ата-аналарды іс-шараларға тарту оқушылардың отбасылық құндылықтарды, жауапкершілік, еңбекқорлық, үлкенді құрметтеу, отансүйгіштік және өзара сыйластық қасиеттерін қалыптастыруға бағытталады.

4-мәселе бойынша қаулы етілді:

1. «Ата-аналар жиналысы туралы ереже» таныстырылып, ата-аналарға ережеде белгіленген талаптарды сақтау, жиналыстарға қатысу және мектептің ресми ақпараттарын басшылыққа алу міндеттелсін.

2. «Тәрбие жұмысына ата-аналарды тарту» жобасы бекітіліп, сынып жетекшілеріне 34 сағаттық тәрбие жұмысы аясындағы іс-шараларға ата-аналардың белсенді қатысуын ұйымдастыру тапсырылсын.

5-мәселе бойынша

Тыңдалды: ОІЖ орынбасары Кусанова Э.К

Мектептегі сабақ кестесін талқылап, бекітіу.

Қамқоршылық кеңес мүшелеріне 2026–2027 оқу жылындағы оқу үдерісін ұйымдастыру, сабақ кестесі және сабақ регламенті туралы ақпарат берді. Мектептегі білім алушылар саны мен оқу кабинеттерінің мүмкіндіктеріне байланысты оқу үдерісі үш ауысымда ұйымдастырылатыны айтылды. Сабақ кестесін құру барысында білім алушылардың жас ерекшеліктері, оқу жүктемесі, санитариялық талаптар және сабақтар арасындағы үзіліс уақыттары ескерілгені атап өтілді. Қамқоршылық кеңес мүшелерін сабақ регламентімен таныстырылды. Бір сабақтың ұзақтығы 40 минут болып белгіленіп отыр.

Қамқоршылық кеңес мүшелері үш ауысымдық оқу тәртібі, сабақтардың басталу және аяқталу уақыттары, үзілістердің ұзақтығы жөніндегі ақпаратпен танысып, ұсынылған сабақ регламентін талқылады.

5-мәселе бойынша қаулы етілді:

1. 2026–2027 оқу жылына арналған мектептің сабақ кестесі мен сабақ регламенті үш ауысымды оқу тәртібіне сәйкес келісілсін.
2. Сабақтардың басталу және аяқталу уақыты, үзілістер ұзақтығы білім алушылардың жас ерекшеліктері, оқу жүктемесі және белгіленген санитариялық талаптар ескеріле отырып ұйымдастырылсын.

6-мәселе бойынша

Тыңдалды: Алпамысова Э.А. -мектеп директоры

Мектеп директоры мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқу-тәрбие процесінің тиімді

ұйымдастырылуы және мектепте қолайлы психологиялық орта қалыптастыру үшін маңызды екенін атап өтті.

Директор өз сөзінде білім алушылардың мектеп формасын сақтауына ерекше назар аударды. Оқушылардың киім үлгісі іскерлік стильде, ұқыпты және білім беру ұйымының белгіленген талаптарына сәйкес болуы қажеттігін айтты. Мектеп формасына сәйкес келмейтін киімдерді, шамадан тыс биік өкшелі аяқ киімді, көзге түсетін сәндік әшекейлер мен макияжды қолдануға жол берілмейтіні түсіндірілді. Сонымен қатар оқушылардың шаш үлгісі жинақы, сыртқы келбеті мектеп талаптарына сай болуы қажеттігі атап өтілді.

Оқу тәртібіне байланысты мұғалімдер мен білім алушылардың сабақ басталғанға дейін 15 минут бұрын мектепке келуі, сабаққа кешікпеуі және оқу процесіне қажетті оқу құралдарымен толық дайын болуы қажеттігі айтылды.

Қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында мектеп аумағында темекі шегуге, алкогольдік ішімдіктерді және басқа да тыйым салынған заттарды қолдануға немесе алып келуге жол берілмейтіні ескертілді. Мектеп мүлкіне ұқыпты қарау, оны бүлдірмеу және келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапкершілік қарастырылатыны түсіндірілді.

Білім алушылардың жеке заттарының сақталуына да назар аударылды. Оқушыларға ақша, ұялы телефон және басқа да бағалы заттарын қараусыз қалдырмау, жеке мүліктерінің сақталуына жауапкершілікпен қарау қажеттігі ескертілді.

Ұялы телефондар мен электрондық құрылғыларды пайдалану тәртібіне жеке тоқталып, сабақ барысында телефон, құлаққап және басқа электрондық құрылғыларды мұғалімнің рұқсатынсыз пайдалануға болмайтыны айтылды. Телефондардың дыбыссыз режимде және белгіленген орында сақталуы қажеттігі түсіндірілді.

Сонымен қатар сабақ үстіндегі тәртіп мәселесі қаралды. Білім алушылардың оқу процесіне кедергі келтіруіне, мұғалімнің және басқа оқушылардың жұмысына бөгет жасауына жол берілмейтіні атап өтілді. Тәртіп бұзылған жағдайда білім алушымен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қажет болған жағдайда ата-анасы хабардар етілетіні айтылды.

Дене шынықтыру, алғашқы әскери және технологиялық дайындық, көркем еңбек сияқты арнайы сабақтарда қауіпсіздік техникасын сақтау және белгіленген арнайы киім үлгісін пайдалану қажеттігі де атап өтілді.

Сөз алды: Ихсангалиева Макпал Уалихановна

Қамқоршылық кеңес мүшелері мектептің ішкі тәртіп талаптарын қолдайтындарын білдіріп, білім алушылардың қауіпсіздігі мен тәртібін қамтамасыз етуде мектеп, ата-ана және Қамқоршылық кеңес арасындағы өзара ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Ата-аналар мен оқушыларға ішкі тәртіп талаптарын жүйелі түрде түсіндіру жөнінде ұсыныстар білдірді.

6-мәселе бойынша қаулы етілді:

1. Мектептің ішкі тәртіп ережесі мақұлдансын
2. Мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтау, оның ішінде мектеп формасына қойылатын талаптарды орындау, сабаққа уақытылы келу, ұялы телефондарды пайдалану тәртібін сақтау және мектеп мүлкіне ұқыпты қарау білім алушыларға міндеттелсін.
3. Білім алушылардың қауіпсіздігі мен тәртібін қамтамасыз ету мақсатында мектеп әкімшілігіне, педагогтерге және ата-аналарға ішкі тәртіп талаптарын тұрақты түсіндіру және олардың орындалуын бақылау тапсырылсын.

Отырыстың төрайымы: _____ Алпамысова Э.А.

Хатшы: _____ Хайрушева Д.М.